

# Жаңалықтар дайджесі

2023.27.02-  
2023.05.03



# S&P Қазақстанның кредиттік рейтингін BBB-/A-3 деңгейінде екендігін растады

<https://kapital.kz/economic/113563/s-p-podtverdilo-kreditnyy-reyting-kazakhstanana-na-urovne-bbb-a-3.html>

S&P	2023.04.03	2022.02.09	2022.01.04
Тәуелсіз рейтинг	BBB-/A-3	BBB-/A-3	BBB-/A-3
Тәуелсіз рейтинг бойынша болжам	«Тұрақты»	«Негативный»	«Тұрақты»

Дереккөз: <https://www.spglobal.com/ratings/ru/>

“S&P Global Ratings Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингі бойынша болжамды қайта қарап, «Жағымсыздан» «Тұрақты» деңгейге өзгертті. Бұл ретте шетел және ұлттық валюталардағы міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді рейтингтер өз деңгейінде сақталды. Болжамның қайта қаралуын төлем балансы мен бюджет бойынша жақсы көрсеткіштермен түсіндіруге болады. Олар КҚК арқылы мұнай жеткізу жолында мүмкін болар іркілістердің орнын баса алады.

Сондай-ақ рейтингтік агенттік еліміздің ағымдағы жылғы экономикалық өсімі бойынша өз болжамын жариялады – 4.1%. Бұдан кейін өсім 4% шамасында тұрақталады деп күтілуде. Олардың пікірінше бұл жерде негізгі фактор – ТШО кеңеюі және мұнай өндіру көлемінің артуы. Біз S&P болжамымен келісеміз және биыл экономикамыздың өсімі 3.8-4.3% аумағында болады деп күтеміз.


**Сонымен қатар мына факторлар жағдайға оң әсер етеді деп ойлаймыз:**

- қазақстандық мұнайды экспорттау бойынша келісімге қол жеткізу,
- мемлекет тарапынан экономикаға қолдау көрсетілу,
- қолайлы сыртқы жағдай, онда айқынсыздық төмендеп, тәуекелдер аумағы қысқаруда,
- инвестицияның негізгі капиталға жұмсалуын арттыру,
- ТШО-дағы ірі жоба есебінен мұнай өндіруді арттыру,
- Бағалық қысымның әлсіреуі, бұл сауда мен құрылыс саласына оң әсер етеді.”



**Клара Сейдахметова**

## Сыртқы жағдайлар тарапынан сын-қатерлер мен мәселелер өрмегі




Дереккөз: Jusan Analytics есептеулері


# Қазақстан биыл газды сыртқа шығарудан бас тартады

Дереккөз: <https://informburo.kz/novosti/kazakhstan-otkazetsya-ot-eksporta-gaza-uze-v-etom-godu>

## Экспорт Казахстана, млн долларов США



## Газдың қолданыстағы тарифі, теңге 1 м3



“Ішкі сұраныс көлемінің өсуіне байланысты газ экспорттауды азайту 2019 жылдан бері үйреншікті құбылысқа айналды. Бұл ретте 2022 жыл есепке алынбайды. Өйткені Ресей мен Батыс арасындағы өзара санкциялар аясында табиғи газға әлемдік сұраныс артты.

Енді газ экспорты бойынша ешқандай табыстың болмайтындығы жалпы экспорттан түсетін валюталық түсімге анау айтқандай әсер ете қоймайды. Жалпы экспорт көлемінде газ экспортының алар үлесі бағалық баламасы бойынша бар болғаны 1.7%-ды (2022 жыл) құрайды.

Енгізіліп жатқан шектеулер болашақта газ тапшылығының болу ықтималдығын алдын алуға бағытталған шара және ол газды шетелге анағұрлым жоғары бағамен сатуға қатысты ұмтылыстарды тежеуге бағытталған. Оның үстіне газға ішкі сұраныс та артып жатыр. Қазақстандықтарға арзан газ ұзақ уақыт бойы Энергетика министрлігінің көмекқаржысы арқасында қолжетімді болып келді.

Шығындар газды сыртқа сатудан түскен қаражат есебінен өтеліп келді. Енді мұндай субсидияның болмауы газ бағасына әсер етері сөзсіз. Бұл әлеуметтік шиеленістің туындауына себеп болары анық. Сондықтан бір жағынан өндірушілерге қолайлы табысты, ал тұтынушыларға қолайлы бағаны қамтамасыз ету үшін Үкімет бағаларды реттеу мақсатында бюджет қаражатын пайдалануы мүмкін. Бұл ретте нарықтық күшке тосқауыл қою, оның әсерін шектеу қашанда уақытша және қымбатқа түсері белгілі. Сондай-ақ бұл теңгерімсіздіктің туындауына септігін тигізеді. Ол өз кезегінде ерте ме кеш пе бағаның күрт өсуіне әкеп соғады. Анықтама: 1 м3 газдың орташа әлемдік бағасы теңгемен қайта есептегенде 47 теңгені құрайды ”



**Айжан Алибекова**

# Бағалардың әлемдік сипатта төмендеуі: Өзбекстан бидайымызды арзанға сатып алғысы келеді. Қазақстанға бұл тиімсіз. Ұлттық валюта бір ай ішінде долларға қатысты 13.41 теңгеге нығайды.

Дереккөз: <https://informburo.kz/novosti/mirovooe-snizenie-cen-uzbekistan-xocet-pokupat-psenicu-desevle-kazaxstanu-eto-neygodno>



Дереккөз: investing.com, цена фьючерса со сроком экспирации май 2023 года

“Қалыпты жағдайда бидай бағасы көктемнен бастап, шілдедегі астық түсіміне дейін арзандайды. Кейін күз-қыс айларында қымбаттайды. Бұл үрдіс ауа-райына қарамастан, бидайды егу мен жинау циклына сәйкес келеді. Ескі астық дақылының бағасы жаңа маусымның бағасы туралы болжам белгілі болмайынша қымбат болып тұрады.

Бұл деректі және нарықта дәнді дақылдың тапшы емес екендігін ескерсек, әлемдік нарықта оның бағасы арзан болады деген сөз. Бұл отандық дәнді дақыл өсірушілер үшін өнімдерін шетелге қымбат бағаға сатуға әрине, тиімсіз. Әдетте бұл ретте ішкі нарықты қанағаттандыруға ресейлік арзан бидай пайдаланылатыны белгілі. Бұл жағдай жалпы ішкі азық-түлік нарығында бағалық қысымды азайтуға және халықтың сатып алу қабілетін арттыруға оң әсер етеді.”




**Айжан Алибекова**

# Қазақстанда электрондық сауда көлемі арта түсуде

<https://kapital.kz/economic/113454/ob-yemy-elektronnoy-torgovli-v-kazakhstane-prodolzhayut-rasti.html>

## Қазақстанда электрондық коммерция көлемінің серпіні



“Соңғы бірнеше жылда ғаламдық үрдіске айналған интернет-коммерцияның көлемі барған сайын артып келеді. Егер бұрындары көрсетілетін қызметтер (тауарлар жеткізу, билеттер сатып алу және т.б.) сұранысқа ие болып келсе, қазіргі уақытта бөлшек саудалық онлайн-сатылымдар көбейіп жатыр.

Бөлшек саудалық онлайн-сатып алулардың негізгі себептеріне мыналар жатады: өте ыңғайлы, халықаралық интернет-дүкендер қолжетімді, бағалар арзан және тауарлар алуан түрлі, тауарлардың сипаттамасын толыққанды білуге және тауарлардың нақты түр-түсін айқын көруге болады.

RwC деректері бойынша 2022 жылдың алғашқы жартысында барлық сатып алулардың 93%-ы ұялы телефондар арқылы жасалған. Бұл үрдістің сақталғандығын және мобильді қосымшалар мен маркетингтік стратегиялардың іске қосылып жатқандығын білдіреді. Электрондық коммерцияның ең танымал санаттары: телефондар, электрлік тұрмыстық аспаптар, косметика және компьютерлік жабдықтар.

Ең көп онлайн-сатылымдар Алматыда, Астанада және Шымкентте жасалған. Euromonitor International деректері бойынша Қазақстанда электрондық сауда көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 20.2%-ға өсті.

Халықтың бірте-бірте онлайн-сатып алуларға өтіп жатқандығын ескерсек, электрондық коммерцияның есу серпіні алдағы бірнеше жылда одан әрі жалғасады.

**Анықтама: Халықаралық зерттеулерге сәйкес, тауарларды ерлер мен әйелдерге онлайн-сатуда мына жайттерді ескеру қажет:**

- ер азаматтар тауарларды көбінесе категориясы бойынша іздейді, ал әйелдер таныс брендтің тауарлары бойынша таңдау жасайды;
  - ерлер тауар таңдауға көп уақыт жұмсайды, сипаттамасын толық оқып шығады. Әйелдер визуалды көрінісіне көп назар аударады;
  - ерлер интернет дүкеннен тұрмыстық техниканы сатып алғанды жөн санайды, ал әйелдер косметиканы, парфюмерияны және киім-кешек алғанды ұнатады;
- Тауардың бағасы, сапасы, оны жеткізу жылдамдығы ерлерге де әйелдерге өте маңызды. ”




Гүлназ Әлдибекова


# 2027 жылға қарай TikTok бейнежарнамасынан түсетін табыс мета мен YouTube-тің бірлескен табысынан асып кетеді

<https://www.fiercevideo.com/advertising/2027-tiktok-video-ad-revenue-will-surpass-meta-and-youtube-combined-omdia>

Онлайн жарнама 2022 (189 млрд.\$)



Онлайн жарнама 2027 (331 млрд.\$)



“Omdia компаниясының деректері бойынша TikTok жарнамасынан түскен табыс 2022 жылы болған 13 млрд доллардан 2027 жылға қарай 44 млрд долларға дейін өседі. Ал TikTok Douyin (Қытайдағы қосымша) биылғы 28 млрд доллардан 2027 жылға қарай 76 млрд долларға дейін артады. Басқаша айтқанда 2027 жылға қарай Tiktok жалпы үлесі жалпы 331 млрд доллардың 37%-ына ие болады. Бұл шамамен 120 млрд доллар. Бұл YouTube пен Meta-ның үлесінен әлдеқайда көп. Бұл екеуі бірлесіп жүріп, жалпы онлайн-жарнаманың 24%-ын, яғни 77 млрд долларды құрайды.

TikTok-қа саны миллиардқа жететін аудиторияны жинауға 3-ақ жыл қажет болды. Ал басқа әлеуметтік медиаларға осыншалықты танымал болуға кем дегенде 5-10 жыл уақыт кетті. TikTok-тың танымалдығын жасанды интеллект базасында жасалған мықты механизмінің бар екендігімен түсіндіруге болады.

Сондай-ақ пайдаланушылар қосымша ішінде түсірілім жасау үшін сапалы бейнередактордың бар екендігін айтады. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәлімдеуінше Қазақстанда TikTok-ты 7 млн астам адам пайдаланады. Күніне елімізде тіркелетін адамдардың саны 1000-нан асады.”



**Абылай Асылхан**

**Авторлар:** Айжан Алибекова, Абылай Асылхан, Гүлназ Әлдибекова, Клара Сейдахметова

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz